

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ФЛОРА МЕН ФАУНАСЫ

- Ботаникалық-географиялық аудандар және Солтүстік Қазақстанның өсімдіктер дүниесі құрамы
- Қостанай облысының фауна мен жануарлар әлемі
- Қостанай жеріндегі құсар фаунасы (орнитафауна)

ФАУНА (ЛАТ. FAUNA - ЕЖЕЛГІ РИМ МИФОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОРМАН МЕН ЕГІСТІК ҚҰДАЙЫ; ЖАНУАРЛАР ҚАМҚОРШЫСЫ) - БЕЛГІЛІ БІР АУМАҚТА МЕКЕНДЕЙТІН НЕ ЖЕР ТАРИХЫНЫҢ БЕЛГІЛІ БІР КЕЗЕҢІНДЕ ТІРШІЛІК ЕТКЕН БАРЛЫҚ ЖАНУАРЛАР ТҮРЛЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ.


СОНДАЙ-АҚ ФАУНА ҰҒЫМЫ КЕЙДЕ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҮЙЕЛІК ТОПТАРЫНЫҢ (ТИП, КЛАСС, ОТРЯД, Т.Б.) ЖИЫНТЫҒЫН ДА БІЛДІРЕДІ (МЫСАЛЫ, ИХТИОФАУНА, ОРНИТОФАУНА, Т.Б.)

Облыстың жануарлар дүниесі әр түрлі. Жыртқыш аңдардан - қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен жиі кездеседі. Ақ қоян, ор қоян, күм тышқаны, сарышұнақ, аламан тышқаны, қосаяқ секілді кеміргіштер көп тараған. Орманды дала белдемінде елік, оңтүстіктің шөлейтті жерлерінде ақбөкендер жайылады.

Ақбөкен- жұптұяқтылар отрядының бөкендер туысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары. Ақбөкеннің қазба қалдықтары плейстоцен қабатынан Батыс Англиядан Шығыс Аляскаға дейінгі аралықтан табылған. Ақбөкендер Моңғолияда, Қалмақ даласы мен Қазақстанда ғана сақталған. Республикамызда Ақбөкендердің бір-бірінен жеке дара бөлінген Бетпақдала - Арыс, Үстірт және Еділ - Жайық деген топтары мекендейді. Текелерінің дене тұрқы 126 - 150 см, салм. 37 - 49 кг, ал ешкілері кішірек, дене тұрқы 109 - 127 см, салм. 22 - 37 кг-дай болады. Үстіңгі ерні салбырап, етті тұмсыққа айналған. Текесінің мүйізі қайқылау келеді, ешкісінде мүйіз болмайды. Жаз айларында арқа түсі сарғыш тартады, қыста түсі ақшылданады. Ақбөкендер шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Олардың қоныс өзгертуі ауа райына, Ақбөкен жұп тұяқты жануарлардың ішіндегі ең өсімталы, жылына бір рет төлдейді. Жаппай төлдеуі мамырдың 1-жартысында өтеді. Бұл кезде күн салқындап, жауын-шашын көп болады да, оны қазақ халқы «Құралайдың салқыны» деп атайды. Көбіне егізден, кейде 3 лақ та туады. Ақбөкендер өсімдіктердің 80-нен астам түрімен қоректенеді. Олардың басты жауы - қасқыр, ал жас төлдеріне бүркіт, дала қыраны мен қарақұстар да шабуыл жасайды. Ақбөкен аусыл, пастереллез ауруларымен ауырады. Ақбөкен - дәмді еті, құнды мүйізі мен тұяғы, әдемі терісі үшін ауланатын кәсіптік маңызы бар жануар. Қазақстанда 1921 ж. Ақбөкенді аулауға тыйым салынған. 1957 - 58 ж. олардың жалпы саны 2 млн-нан асқаннан кейін, кәсіптік жолмен аулауға рұқсат берілді. Оның мүйізінен пантокрин дәрісі алынады, тұяғын күйдіріп, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққандарды емдеу үшін пайдаланады

1930-32-жылдардағы жүргізілген ұжымдастыру науқаны, даладағы киіктердің жауы ит-құс, шыбын-шіркей, соналардың азаюы ақбөкендердің өсуіне өте қолайлы жағдай туғызды. Далаларда жайылған халықтың малын ұжымдарға жинап, халық отырықшылық өмірге бейімделген тұста ақбөкендердің өрісі кеңіп, санын көбейтуге мүмкіндік алды. Сол жылдары ауа райы да жылынып, қысы жұмсақ болды. Табындары көбейген ақбөкендер 1941-45-жылғы Ұлы Отан соғысы кезінде еркін өмір сүрді. Бұл Қазақстандағы ақбөкендердің ең көбейген кезі болды. Содан бергі уақытта дала еркесі - ақбөкен адамдардың жауыздығынан бірнеше рет жаппай қырғынға ұшырады. Сарыарқада қазіргі жүрген ақбөкендер саны - 47-48 мың ғана. Ал осыдан жиырма жыл бұрын түзде жосыған киіктердің саны 1 миллион 400 мың болған екен.

2012 жылғы көкек айында киіктердің жеке топтарының санын анықтау жұмыстары жүргізілді. Мұның ішінде Бетпақдала тобындағы ақбөкендердің (киіктердің, М.С.) санын анықтау 8-26 сәуір аралығында, Үстірт тобында - 11-17 сәуір аралығында, Жайық тобында - 19-23 сәуір аралығында жүргізілді. Осындай санақ нәтижелері бойынша бір қуанарлық жағдай, қазір елімізде 2008 жылдан бастап киіктердің саны жылдан-жылға көбейіп келе жатыр. Яғни, 2008 жылы Бетпақдала тобында 32,3 мың бас, Үстірт тобында 10,4 мың бас, Жайық тобында 18,3 мың бас, барлығы 61,0 мың бас киік бар болса, Бетпақдала тобында 2009 жылы 45,2 мың бас, 2010 жылы 53,4 мың бас, 2011 жылы 78,0 мың бас, 2012 жылы 110,1 мың бас киік болыпты. Тек Үстірт тобында 2009-2010 жылдары киіктер азайып, 2011-2012 жылдары ғана қайта өсе бастаған. Жайық тобында 2011 жылы ғана өсім азайып, 2012 жылы өсім қайта көбейген. Соған қарамастан, 2012 жылы Бетпақдала тобында 110,1 мың бас, Үстірт тобында 6,5 мың бас, Жайық тобында 20,9 мың бас киік болып, барлығы 137,5 мың басқа жеткен. Яғни, осы үш топта киіктердің өсімі мынандай: 2008 жылы - 61,0 мың бас, 2009 жылы - 81,0 мың бас, 2010 жылы - 85,5 мың бас, 2011 жылы - 102,0 мың бас, 2012 жылы - 137,5 мың бас.



АҚБӨКЕНДЕР
ДІҢ ТАРАЛУ
ТЕРРИТОРИЯ
СЫ

Қосаяқтар-сутқоректілер класы **кеміргіштер** отрядының бір тұқымдасы. Солтүстік **Африка**, **Арабия**, Кіші және Алдыңғы **Азияда**, Оңтүстік-**Шығыс Еуропа**, **Қазақстан** мен **Орта Азияның шөл, шөлейтті және далалы аймақтарында** кең таралған. **Дүние жүзінде** 14 туысқа жататын 40-қа жуық **түрі** белгілі. Көбіне 2 - 3 **жыл** (кейбіреулері 4 жылдай) өмір сүреді. Қазақстанда 9 туыстың 16 түрі мекендейді. Оның 4 түрі: **бессаусақты ергежейлі қосаяқ**, **Гептнер ергежейлі қосаяғы**, **бозтүсті ергежейлі қосаяқ**, **үшсаусақты ергежейлі қосаяқ** Қазақстанның **Қызыл кітабына** енгізілген (1996). **Дене тұрқы** 4,5 - 5,0 сантиметр, салмағы 7 - 10 **грамм**.

- **Тері** жамылғысы тығыз әрі жұмсақ, **түсі** - сарғыш, **күм** түстес.
- Артқы **аяқтары** ұзын, 3 не 5 саусақты, алдыңғы аяқтары 5 саусақты. Жүргенде тек артқы аяқтарымен секіреді. Алдыңғы аяқтарымен қорегін ұстап, ін қазады.
- Құйрығы дене тұрқынан ұзын, қысқа **түкті**.
- **Кұлақ** қалқандары көпшілігінде үлкен, кей түрінде қатпарланып, қысқарған.
- **Көздері** өте үлкен.
- **Күздің** аяғынан **көктемге** дейін қысқы ұйқыға кетеді.
- Уақытша және тұрақты індері болады. Індерінің ұзындығы 1 **метрден** 4 метрге, ал тереңдігі 20 см-ден 2,5 м-ге дейін жетеді. **Өсімдіктермен, жәндіктермен** қоректенеді. Ұрғашылары жылына 2 - 3 рет (әр жолы 1 - 9-дан) балалайды. Көптеген түрлері бірқатар **індеттерді**, әсіресе **оба** ауруын таратады.



Еліміздің солтүстік-батыс, солтүстік, орталық, шығыс бөлігіндегі және Тянь-Шаньнан Алтайға дейінгі тау етегіндегі орман, тоғайларда кездесетін сымбатты жануарлардың бірі - елік. Мүйізі тармақталып келген, қазан - қараша айларында түсіп, сәуір айында жаңадан мүйіз шығады. Ұрғашысында мүйіз сирек кездеседі. Мекендейтін қоныстарында елік түнде жайылып, күндіз орман арасына жасырынады. Қыс айларында 5-10-нан топтасып жүреді. Өсімтал жануар, көбіне егіз, кейде үш-үштен мамыр - маусым айларында лақтайды. Еліктің лағы құралай деп аталады. Құралайдың түсі теңбіл-теңбіл болып келеді, бірақ мұнысы үш-төрт айдан кейін жойылып кетеді. Еліктер 11-12, кейде 16 жылға дейін өмір сүреді



ФЛОРА (ЛАТЫНША FLORA — РИМ
МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ КӨКТЕМ
ҚҰДАЙЫ; ЛАТЫНША FLORIS — ГҮЛ)
— НАҚТЫ БІР ЖЕР АУМАҒЫНДА
ӨСЕТІН НЕМЕСЕ
ӨТКЕН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ
ДӘУІРЛЕРДЕ ӨСКЕН ӨСІМДІК
ТАКСОНДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚАЛЫПТАСҚАН
ЖИЫНТЫҒЫ

Қайың— қайыңдар тұқымдасына жататын сымбатты ағаш, ұшар басы үкідей шоқтанып, биік бойлап өседі. Дегенмен аса көрі қайыңның ауыр бұтақтары мәжнүн талдай төгіліп тұрады. Ашық жерлерде қайың кейде жеке-дара өседі, бірақ көп ретте олар орман болып тұрады. Жазғы жап-жасыл шөп пен жайнаған гүлдің ортасында тұрған ақ балтыр қайың тоғайы - ол бір ғажайып сурет! Қайың сәуірдің аяғы мен мамыр айының басында, яғни жаңғақ ағашы мен талдан кейін гүлдейді. Оның гүлдері қарапайым сырға тәріздес болып келеді. Ал қайыңның жапырағы сарғая бастаған кезде қыркүйек айы да туады. Қайыңның ұрықтары желмен тез ұшып кетеді. Ол орманның басқа ағаштары өсе алмайтын жерлерде де тез өсіп-өнеді. Сондықтан қайыңды орманның "пионері" деп атайды.

Қарағай - еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездесетін қылқанжапырақтыты мәңгіжасыл өсімдік.

500-600 жылға дейін өмір сүреді. Ең биік түрлері 50-60 метрге жетеді. Шыршаныкіндей емес қарағайдың қылқаны ұзын, жуандау. Қылқанының түсі түріне қарай сары, көкшілдеу, жасыл және қою жасыл болады. Қарағай сондай-ақ тез өсетін қылқанжапырақтылардың бірі. Жер шарында жүзден аса түрі болса, оның жиырма шақты түрі көгалдандыруда қолданылады. Олардың ішінде бұтағы тік өсетін және жайыла өсетін түрлері де бар. Өсе келе жан-жағына 6-7 метрге дейін жайылатындықтан, бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кем дегенде 5-6 м болуы керек. Оның барлық түрі бой жасап өсіргенге ыңғайлы. Жай және тез өсетін түрлері бар. Биіктігі екі метрден аспайтын “тау қарағайы” деген түрі бар. Көгалдандыруда оларды түрлі композицияларға қолдануға болады. Қарағайдың қылқанымен қоса, өте жиі орналасатын бүршіктері де өте әдемі. Осы бүршіктерін сәндік үшін теріп алып, қолөнер бұйымдарына қолданып жатады.

Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Оны кеме құрылысында, авиацияда, теміржолда және құрылыста кеңінен қолданады. Қарағайдың діңінде шайыр көп мөлшерде болады. Одан скипидар мен канифоль алынады. Канифольді сүргіт және лак дайындауда қолданады.

Қарағайдың бүршіктері, эфир майы және шайыры бронхит, өкпе ауруларына қарсы пайдаланылады. Қылқанын С дәрумені жетіспегенде және алдын-алу үшін қолданады. Қарағайдың қара майын тері ауруларына жақпа май ретінде пайдаланады

Жас көшетін ашық күн көзіне, құнарлы топыраққа отырғызу керек. Жыл сайын көктемде қалқанжапырақты ағаштарға арналған минералды заттармен қоректендірген жөн. Қоректік заттары жеткілікті қарағай қылқанының түсі қанық болады. Кейбір жұмсақ қылқанды түрлері қысқы суыққа шыдамсыз келеді. Тұқымы және қалемшелеу арқылы көбейтіледі. Бұл ағаштардың биіктігі 35 м-дей, діңі мықты, бұтақ шоғыры дөңгелек болып келеді. Қабығы үгілмелі, қызыл қоңыр түсті, бұтағында жарықтары болады. Жапырағы (инесі) 2 - 5-тен шоқтанып бүршігінде орналасқан, бүршіктері күрделі. Бүрі 2 - 3 жылда піседі, оны жеуге болады. Мамыр айында гүлдейді. Аталық гүлі масақты, сары не қызыл түсті. Аналық бүрі жас өркен ұшында 2 - 3-тен орналасады, 2 жылда пісіп жетіледі. Тұқымы - қара, не сұр түсті; қанатты кейде қанатсыз болады. Қарағай ағашы 300 - 500 жыл жасайды. Қарағайдан жоғары сапалы ағаш сүрегі, қарамай, шайыр алуға болады. Қарағай - дәрілік ағаш, одан терпентин майы, скипидар, сірке суы; жас қылқанынан С витамині (концентрат), эфир майы алынады. Сондай-ақ құм тоқтатуда, әсемдік ретінде (елді мекенді көгалдандыруда) маңызы зор. Қазақстанда 2 түрі: кәдімгі Қарағай (*P. silvestris*) және самырсын Қарағайы (*P. sibirica*) бар. Бұлар республиканың солтүстік-шығыс, орталық бөліктеріндегі аралас ормандарда, басқа қылқан немесе жалпақ жапырақты ағаштар арасында өседі. Қазақстанда ботан. бақтарда Қарағайдың: сары Қарағай, тау Қарағайы, Веймутов Қарағайы түрлері қолдан өсіріледі.

ОРНИТАФАУНА-БЕЛГІЛІ БІР
УАҚЫТ ІШІНДЕ, БЕЛГІЛІ БІР
ЖЕРДІ МЕКЕНДЕЙТІН
ҚҰСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТОБЫ

Қара кезқұйрық (лат. *Milvus migrans*)

- сұңқартәрізділер отряды қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Қазақстанда кең тараған (тек ормансыз жазықтар мен өте биік таулы аймақтарда кездеспейді). Шәулісінің қанатының ұзындығы 41 - 51 см, құйрығының ұзындығы 25 - 28 см, ұябасары сәл ірілеу. Салмағы 1000 г-ға жетеді. Басқа жыртқыш құстардан айырмашылығы: құйрығының ұшы айыр. Ол әсіресе қалықтап ұшқанда жақсы байқалады. Арқасы қара қоңыр, қоңыр сұр түсті, басы ақшылдау, ал бауыры - ұзына бойына орналасқан қара дақты, сарғыш қоңыр. Ұшып жүргенде қанат астындағы ақ дақ жақсы көрінеді. Жас құстардың реңі басқаша: қауырсындары бурыл, денесі қызғылт қоңыр теңбілді және құйрық қанаттарының ұшы ақ. Кезқұйрық - жыл құсы. Наурызда Қазақстан аумағына ұшып келеді. Сәуірдің ортасында ағаш басына (негізінен еменнің), жартасқа ұялайды. Ондағы 2 - 3 жұмыртқаны ұябасары 30 күндей шайқайды. Балапандары 45 күннен кейін ұядан ұшады. Тамыздың аяғы - қыркүйектің басында топталып, жылы жаққа - Африка мен Оңтүстік Азияға ұшып кетеді. Әлсіз жыртқыш болғандықтан негізгі қорегі - жануарлар өлексесі, ұсақ кемірушілер, тауықтәрізділер мен су құстарының балапандары, кесірткелер, жыландар, бақалар, су бетінде қалқып жүрген өлібалықтар, моллюскілер. Өлексені, т.б. қалдықтарды, зиянды кемірушілерді жеп пайда келтіред



Ителгі ^Ш(лат. *Falco cherrug*) – сұнқартәрізділер отрядына жататын ірі жыртқыш құс. Қазақстанда биік таулар мен ормансыз жазықтардан басқа жерлердің бәрінде кездеседі. Әсіресе, Манғыстау мен Сарыарқаның аласа таулы өңірлерінде көп ұшырасады. Баянауланың, Ерейментаудың, Қызыларайдың, Қарқаралының, Көкшетаудың қия тасты, қалың қарағайлы таулары ителгінің негізгі мекені болып табылады. Шәулісінің қанатының ұзындығы 34 – 39 см, салмағы 730 – 800 г, ұябасарының қанаты 37 – 41 см, салмағы 1000 – 1300 г. Қазақстанда ителгінің 5 түр тармағы кездеседі. Олардың реңі таралған аймағына қарай әр түрлі болып келеді. Бәріне ортақ белгі – сырт жоны қоңырқай сұрғылт, бауыры – сарғылт теңбілді болады. Ителгі қанаттарын жиі қағып, ауыр ұшады. Өте биіктеп, ұзақ қалықтайды. Негізінен, наурыздың аяғы – мамырдың басында құз-жартас кемеріне, биік қарағайдың басына ұя салады. Ұядағы 3 – 5 жұмыртқаны ұябасары бір айдан аса шайқайды. Балапандары 40 – 45 күннен соң ұядан ұшады. Бір жұптан орта есеппен алғанда жылына 2 балапан ғана қанаттанады. Негізгі қорегі – құмтышқан, сарышұнақ, майда құстар (торғай, кептер, түркептер, кекілік), сондай-ақ бауырымен жорғалаушыларды, ірі қоңыздарды, тіпті көкқасқа шегірткелерді де жей береді. Жемтігін бір орнында ұзақ отырып, тасадан күтеді, оны көре салысымен өте шапшаң ұшып, қуып жетіп ұстайды. Кейде құсты жоғарыдан шүйлігіп, қағып түсіреді. Тамыз – қыркүйекте жылы жаққа ұша бастайды. Жергілікті құстар республиканың оңт-нде, ал көпшілігі Таяу және Орта Шығыс Азияда қыстайды. Қырандардың ішінде баптауға ең көндіккіші осы – ителгі Арқа құсбегілері ителгіге қоян, үйрек алдырса, Сыр бойының құсбегілері қырғауыл, құр, шіл, кекілік алдыратын болған. Ал араб елінің құсбегілері ителгіні көбіне жорға дуадаққа салады. 20 ғасырдың 90-жылдарына дейін Қазақстанда 2 – 3 мың бас ителгінің ұялағаны белгілі. Бірақ 1992 жылдан бастап, бұл құсты шет елге (әсіресе, араб елдеріне) сату науқанының кең етек алуына байланысты, И. бей-берекетсіз ауланып, саны күрт төмендеді. Соңғы санақ бойынша Қазақстанда 100 – 150 жұп қана ұялаған (2001). Алматыдағы “Сұнқар” біріккен кәсіпорнының құс питомнигі мен Алматы хайуанаттар саябағында қолда өсіріліп, 100-ден аса ителгі табиғатқа жіберілді (1990 – 1995). Қазақстанда ителгі Ақсу – Жабағылы, Наурызым, Үстірт қорықтары мен “Алтынемел” ұлттық табиғи саябағында қорғалады. ителгілердің жылдан жылға санының азаюына байланысты, қорғауға алынып, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген (1996

